

НАМЫС ПЕН ЖІГЕРДЕН ЖАРАЛҒАН

Түскі тамаққа шығып бара жатқанымда секретарь қыздың жанында бір қыз тұрды. Қыз амандасып сіздің қабылдауыңызға жазылуға келдім деді. Онда кір не шаруамен келдің деп ем? Бар жағдайын кешірім сұрап, түскі асыңыздан қалдырдым, кейін келетін едім деп қысқа айтып берді. Мен орынбасарым Ақатаевқа звондап маған Мұратты жібер. Мұнда теледидардан салт-дәстүрді насихаттап Дінәш Нұрмұхамбеттің балаларға, ата-ана, мұғалімдерге арналған хабарының авторы, оған көмек керек. Мұратқа осы апайыңмен жұмысы басталып, біткенге дейін бақылап бар жағдайды маған әкелесің. Барды бар деп, жоқты жоқ деп шындықты жазасың. Жолың олжаға толсын! Бар.

Бір жұма өткен соң тапсырмаңызды орындадым деп бір құшақ қағазды алдыма қойды.



Әкесі Оразбеков Айтмолда 1943 жылы Отан Соғысында қайтыс болған ҚазПИ-дегі рабфактың парт бөлімін, шешесі Бексүгірова Мнуар комсомол бөлімін Малик Габдуллин, Толыбеков, Ади Шариповтермен оқыпты.

Шешесі алғашқы парашютистердің бірі Алматыда Медеу ауданында комсомол ұйымын ашқан, Ақсуда Талдықорған облысында Мамания мектебінің жанынан алғашқы Отан соғысының жетім балалар үйін ашқан белгілі ұстаз болған.

Күләш Ақсу орта мектебінде оқып жүріп қоғамдық жұмысқа көп араласқан. Аудан атынан волейбол, баскетбол, гимнастикаға қатысып жүлделі орындарға да ие болған. Еңбек жолын пионер вожатый, Аудандық пионер үйінің меңгерушісі, комсомол секретары, ұстаз-тәрбиеші, облыстық оқу бөлімінің аға инспекторы, аспирантура, кіші ғылыми қызметкер жоғары ғылыми қызметкер, үлкен физиология, гигиена, и психология школьников деген лабораторияны басқарған, доцент, ғылым кандидаты дәрежесіне жеткен. Студенттер мен әріптестері алдында беделді, көптеген еңбектері басылып шыққан сабақ кестесіне, тәрбие барысына енгізілген. Көптеген мақтау қағаз иесі. Көп жыл бойы социалистік жарыстың жеңімпазы болған, соның нәтижесінде Москваға-выставка көрмеге жолдау алған. Онда әйгілі *Роза*

Бағланова мен бірге болып, кейін апай мен бірге кездесулерге шақырылатын болыпты. Апай көз жұмғанға дейін өнегесін алыпты.

Радио, теледидардан жиі-жиі салт-дәстүр, ақыл-нақыл, балалар мен ата-аналарға оқыту-тәлім-тәрбие туралы хабарларға қатысады. Тыңдаушылардың көңілінен шығып олардан келген көптеген сұрақтарына тиянақты жауабын да беріп отырады. Балалар редакциясының хабар жүргізуші журналист Дінәш Нұрмағамбеттің айтуынша біраз хабары Алтын қорға еніпті. Белгілі ағамыз Байжанбаев Күләш апайды хабарына шақырып әңгіме-сұхбат жүргізеді екен. Ол кісі апайды Талдықорғанда мұғалім болып жүргенде алғашқы ашылған радиоторабының әйел дауысты дикторы болғанын біліп, кейін өзіне дикторлыққа шақырған екен, бірақ апай өз жұмысын тастамай, тек хабарлар жүргізуге қатысады екен.



Күләш апайды Ресейдің көптеген қаласының ғалымдары конференция, съездерге шақырып, баяндамалары жинақтарда басылып, шығыпты. Ал кандидаттық қорғауда Москвадағы жетекшілері келіп №2 мектеп-интернатында жүргізіп жүрген сабақтарына қатысып зерттеу жұмысына, қонақ күтуіне жоғары баға беріпті

Москвадан келген ғалымдардың қазақ мектебіндегі зерттеу жұмыстың нәтижесін мақтап министр Балахметовке рахметтерін айтып, Оразбековадан үлкен ғалым шығады орысша, қазақша бірдей тапсырманы тиянақты уақытында орындайды, қазақтың психологиясын айтып бізді таң қалдырады, деп Сембаев, Щербаков, Кисловская, Мучниктерге білімді психолог аласыздар. Оразбекованың 30-сабақ үлгісі Германияда, Тула, Москва, Ереван, Грузияда аппробациядан өтіп сабақ кестесіне енгізілді, ұлттық мектеп балалары өте жеңіл қиындықсыз қабылдаған. Мұны Щербаковтан естіген министр 30-сабақ кестесін оқулық етіп шығарып №2, №4, №12, №9 мектеп-интернаттарда сабақтар жүргізіліпті.

Күләш апайға әріптес ағалары берген мінездемелері:

Күләш қызымның жүзі маған айдай болып көрінген, ақылды, дана қыз. Адамды бір көргеннен жақын тартып, көмегін аямайды. Күләштің киімі туралы Құтқожина апайы көп айтады, қуанып, ризашылығымен. Өзі әдемі-ақ, бір-ақ киген киімі де өте жарасымды, көйлегі қай түс болса аяқ киімі, сөмкесі де сол түсті. Киім үлгісінде басқаға ұқсамайды өзіне жарасады. Бұлай киінгенді көре бермейміз депті зиялы ғалым *Әміржан Сыдыков*.

Күләштің арманы әйелдер сияқты емес, болашаққа ұмтылған. Лекция оқуға жолдамамен әр облыстарға жіберем, бармаймын демейді, бармаған жері, баспаған тауы аз шығар. Барған жерін риза етіп, оқыған лекциялары ұнады, тағы да жіберсеңіз деген өтініштер мақтау хаттар көп келеді. Әсіресе қазақ психологиясын насихаттағаны құптарлық. Сол арманы орындалатынына мен сенемін белгілі қайраткер *Жандосов Ораз*.

Куляш мастерский чувствует ситуацию, казахский характер, казахский батыр, как все говорят она львица с двумя львёнками. Обожаю её. *Проректор КазПИИ Цезарь Львович*.

Она не любит ложь и фальшь, она любит правдивое отношение. Это человек слова, она честна и прозрачна *Проректор Е.Ф.Рубилина*.

Куляш Айтмолдановна очень грамотная. Она отличается от своих женщин казашек яркостью, смелостью, говорит прямо в глаза хорошо ли плохо, не льстит, очень трудолюбивая и терпеливая. *Профессор Г.Уманов*.

Куляш не идет на компромиссы даже в пользу себя. Меня зам директора НИИ им. И.Алтынсарина долго пытал человек у самой власти влюбленный в Куляш увидев в гостинице постпредства, где жила Куляш учась в аспирантуре Москве. Я выполнял вынужденно роль свахи. Куляш очень оскорбилась, обиделась на меня как на наставника и даже по работе не общалась и не признавала, как руководителя. Меня снизили по работе, а лабораторию, которую возглавляла Куляш закрыли, хотя не нашли никаких недостатков в ее работе. Так НИИ потерял большую лабораторию физиологии, гигиены и

психологии школьников. А я вынужден был уехать в Новосибирск. Было такое время! *Доктор Педагогических Наук Г.М. Храпченков*

Золотая пора. Донна Осень, позолоченная грусть...Так сказал поэт. Он что-то имел в виду, а быть может, кого-то. Эта дама вступила в пору самой золотой поры своей жизни, самой благоденственной и благодарной. Она через многое прошла, живя на стыке веков и взрослея в период сталинского режима, познала время оттепели и вкусила заветы Ильича на пути к коммунизму...Она хлебнула трудностей на этапе перестройки, и лихая година, царившая в нашей молодой независимой стране на заре 90-х, коснулась ее семьи, социума...И, возможно, залогом благодатного золотого периода как раз и стал опыт познания бытия и мира в самых разных жизненных ситуациях. Словом, она и есть прообраз успешных советских женщин, о которых некогда с гордостью писал одноименный и почти культовый журнал в СССР.

Знакомьтесь, наша героиня – активная леди, любимая мама и бабушка, сознательный гражданин свободного Казахстана. Оразбекова Куляш Айтмолдановна.

Проводите ли Вы какие-то специальные манипуляции с кожей для омоложения? Почти не пользуюсь косметикой. В моем арсенале только губная помада из Медины и сурьма для бровей. Всем этим пользовалась дочь пророка Мухаммеда Фатима. Все из натуральных компонентов. Больше я ничем не пользуюсь, только прохладная вода, рациональное питание и ... удовольствие от каждого дня жизни! Ведь морщины у женщин – результат негативных эмоций, напряжения, зависти. У гармоничных людей, заметьте, морщин-то и не видно!

Что Вы планируете? Почивать на лаврах еще не время. Я буду работать. Готовлю и жду свадьбу младшего сына и старшей внучки. Хочу увидеть их детей, помочь им в воспитании и радоваться успехам моих старших внуков. Журнал «Сезон», октябрь, 2006.

Добрый день! Очень тронуты Вашей заботой, тетя Куляш, о нашем сыне. А что еще удивительней – и нас почтили своим вниманием. Ценим и благодарим! От всей души желаем благополучия во всех Ваших предприятиях и начинаниях. Мира, благоденствия? Здравия Вам и сыновьям. Божию помощь и милость для Вашей семьи испрашиваем, подавая записочки с вашими именами, в Церкви на молбене. *С уважением и поклоном. 04.06.2007г. Родители Андрея – Виктор и Маргарита.*

Ұлы тілді қалай үйретесіз деген мақаласында психология ғылымының докторы *Мәжит Муқанов*: Ұлт мектебінде орыс тілін білу жалпы екінші тілді меңгеру проблемасындағы өзекті мәселе. Осы бағытта психология ғылымының кандидаты К.А. Оразбекованың «Мектеп» баспасынан басылып шыққан «Қазақ мектебінде орыс тілін меңгеру психологиясы» деген еңбегінің маңызы айрықша.

Автор қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту мен оны меңгеру жайын эксперименттік зерттеулерінің негізінде сөз етеді. Атап айтқанда, шәкірттің орыс тілін меңгеруі оқыту методикасындағы қол жеткен табыстарды дұрыс пайдалану мен оны баланың ана тілімен салыстыра отырып үйретудің пайдалы

екендігіне айрықша назар аударады. Әдетте, баланың ана тілін меңгеруі – оның әліппесін үйреніп, жазу-сызуы мен грамматикасын меңгеруден басталмайды. Ол өзінен-өзі дамиды тарихи процесс. Сондықтан оның ана тілін меңгеруі төменнен жоғары қарай дамиды. Бала алғашқы кезде, сөздің қарапайым бөліктерін меңгеріп, өсе келе фонетикасындағы байланыстар мен грамматикасындағы өзгешеліктерді игереді. Ал, баланың өзге тілдерді меңгеруі, алдымен сол тілдің күрделі түрлерін мақсаттылықпен үйрену барысында жүзеге асырылады.

Әйгілі психолог Л.С.Выготскийдің осы қағидасын басшылыққа алған кітаптың авторы ұлт мектептерінде орыс тілін меңгеру мәселесін психологиялық тұрғыдан зерттеу тек оқушылардың ойлауы мен сөйлеуі сияқты жекелеген процестерін дамыту мақсаттарымен шектеліп келгенін көрсетеді. Соған орай екінші тілді меңгеру проблемасын оның күрделі материалдары мен құрылысын тығыз ұштастыра оқытудың тиімді әдісі мен жолын іздестірудің қажеттігіне тоқталады. Ол үшін оқушының екінші тілді меңгеруде өзіне-өзі бақылау қабілетін дамытуды және оның жолдары мен тәсілдерін табуды комплексті жүргізуді ұсынады. Меңгеру психологиясында осындай олқылықты байқаған автор бұл мәселенің болашағына көз жіберіп, еліміздің психолог ғалымдары Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов т.б. ұлт мектептерінде оқушыларға орыс тілін меңгерудің ерекшеліктері жайындағы пікірлеріне талдау жасайды. Және әр сабақтың бастапқы кезінде қазақ мектебінің оқушыларын орыс тілінде сөйлей білуге бағдарлау, олардағы мағынасы бірдей сөйлемдерді талдау арқылы өзара байланыстарын білуге үйрету жемісті болатынына назар аударады. Оқыту процесіндегі мұндай әдіс, шәкірттің оқу материалын меңгеруге деген ынтасын арттырады, оны білуге тиісті мәселеге күш-қуатын жұмсауға көмектеседі және оның өзіне түсінікті болуын қарастыруға деген ниетін оятады.

Республикамыздың психологтары жүргізген зерттеу жұмыстарымен салыстырғанда Күләш Оразбекованың бұл пікірінде елеулі жаңалықтар бар. Себебі, ол екі тілді қатар оқып меңгеретін шәкірттің ойын үнемі дамытып отырудың психологиялық жайларын негізге алады да, мәселеге сол тұрғыда талдау жасайды. Және осыны ескеріп, автор, оқушының басқа тілдегі материалды жақсы меңгеріп алуы – екі тілдің өзіндік ерекшеліктері мен жалпылық қасиеттерін шәкірттің ақыл-ой елегінен өткізуіне байланысты дейді. Ал мұндай тәсіл оқушыны орыс тілінің грамматикасын тез үйренуіне деген ынтасын арттырады және оны өзінің ана тілімен салыстыра игеруіне жақсы жағдай жасайды. Осыған сәйкес автор қазақ мектебіндегі орыс тілі мұғалімінің күнделікті іс-тәжірибесінде кеңінен қолдануға болатын отыз сабақтың құрылысы мен мазмұнына психологиялық тұрғыдан талдау жасайды. Осылардың тиімділігін нақтылы және көрнекті мысалдармен дәлелдейді. Сондай-ақ оқушының тиісті ереже мен тілдің заңдылықтарын білуіне қажетті жайларды дәптеріне қалай жазуына болатынына нақтылы нұсқаулар береді. Бұл оқушының әртүрлі іс-әрекетін дамытады, сабақты түрлі тәсілдер арқылы үйретуге деген белсенділігін арттырады, тілді нәтижелі меңгеруге септігін тигізеді.

Күләш Оразбекованың жаңа зерттеуі психолог мамандар мен ұстаздарға, пән мұғалімдері мен методистерге арналған. Сондықтан автордың тұжырымдарына ойлана қарауды, оның мәні мен мақсатына ұқыптылықпен көңіл қоюды және әйгілі психолог Л.С.Выготскийдің теориялық еңбектерін жетік білуді талап етеді. Өйткені автор білімдер ғалымның пікірлерін тәжірибемен тиянақты мақсат тұтады.

Қорыта айтқанда, К.Оразбекованың «Қазақ мектебінде орыс тілін меңгеру психологиясына» арналған зерттеуі шәкірттің ақыл-ойын өрістетуге зор септігін тигізеді, деген психология ғылымының докторы, профессор, Мұқанов ағамыз.

Марқұм *Мәжит Мұқанов* мақтауға өте сараң еді. Күләш апаймен айтыс-тартыстары көп болса да, ғалым профессор ешқашан әділеттілікті аттап өтпейді екен. Күләш Айтмолдақызына берген мінездемесі де соның бір айғағы іспетті.

*«Характеристика» на члена Казахского республиканского отделения
Общества психологов, кандидата психологических наук*

Оразбекову Куляш Айтмолдановну К.А. Оразбекова, 1940 г.р. казашка, беспартийная. В 1964 г. Окончила Каз. гос. пединститут им. Абая, факультет русского языка и литературы, имеет педагогический стаж свыше 20 лет. В 1974 году окончила аспирантуру НИИ им. И. Алтынсарина в Москве по специальности детской и педагогической психологии. В 1976 г. успешно защитила кандидатскую диссертацию в Москве в НИИ общей и педагогической психологии АПН СССР. С 1974 года является членом Казахского респ. отд. Общества психологов. С момента поступления в члены Общества принимает активное участие во Всесоюзных, республиканских педагогических чтениях, где занимала призовые места. С интересными сообщениями выступила на Всесоюзных конференциях, съездах, симпозиумах психологов. Ее доклады опубликованы в многочисленных публикациях во Всесоюзных и республиканских издательствах. Ею опубликована методическая разработка по психологии на материале русского языка, 6 п.л. Алма-Ата, 1979. К.А. Оразбекова активно участвует в общественной жизни отделения, является председателем контрольно-ревизионной комиссии республиканского отделения. Тов. Оразбекова постоянно занимается повышением своего идейно-политического и педагогического уровня. Тов. Оразбекова общительна, среди членов Общества пользуется заслуженным авторитетом, в быту скромна, морально устойчива. *Председатель Каз.респ.отд.Общества психологов, доктор психологических наук, зав.кафедрой психологии КазГПИ М.М.Муканов*

«Оқу біткен жерде, ой да бітеді» дейтін зерделі сөз бар. Соның бір мысалы таяуда ғана жастар апталағына берген Күләш апайдың сұхбатынан көрініс тапты. Намыс пен жігерден жаралған Алматы мемлекеттік университетінің профессоры Нью-Йорк академиясының толық мүшесі Күләш Айтмолдақызы Оразбековамен сыр-сұхбат. Алыста қалған студенттік шақ, сағынышқа айналған дәуір. Аудитория есігі айқара ашылып, кіре келе жатқан Күләш апайды студенттер орындарынан тұрып, құрметпен қарсы алып,

ізетпен сәлемдеседі. Сұлу жүзді ұстаз жымия күліп, көп кешікпей-ақ қоңыр даусымен кезектегі лекциясын бастап та кетеді. Белгісіз бір сиқырға арбалғандай студенттер, тым-тырыс, ұстаздың аузын бағады. Қыздар қиялдайды: «Күләш апайдай білікті де білімді ұстаз болсам» деп. Ұлдар армандайды: «Менің жарым осы кісідей болса екен» деп. Тән сұлулығы мен жан сұлулығы жарасым тауып, ақылы мен парасаты арқылы кім-кімді де болса тәнті еткен Күләш апай Абай атындағы ҚазПИ-де сексенінші жылдары білім алған шәкірттердің қиялында өшпес із қалдырған еді. Арадан көп жыл өткен соң Күләш Айтмолдақызымен кездесудің сәті түсті. Табиғатта тосын бір заңдылық бар ауылда өскен қаракөздердің көбінің жаны жұмсақ жүрегі нәзік. Кірпияз, киімін қылаусыз күтіп ұстайтын, қынама бел, зерлі қыжым камзол тал бойына құйып қойғандай жарастықты, ақшаң қан сал орамалы дөңгелекше бидай жүзін арайландырған Күләш тәтені алғаш көргендердің жанарында мәңгі қалары анық. Өзіндік методикалық шеберлігі зор, ізденісі мол қалыптасқан мұғалімнің әр сабағы мазмұнды, әрі тартымды өтеді.

Намыс пен жігерден жаралған жан жас ұрпақты ұлттық дәстүр тағылымдарымен сусындатып, халқына қалтқысыз қызмет етіп келеді. Оның бәрін бір мақалаға сыйғызу мүмкін де емес. Сондықтан ұстазымызға айтарымыз алтын күзбен, 2000 жылмен бірге есік қаққан мерейтойыңыз құтты болсын дегіміз келеді, деп тағы да екінші, үшінші кездесу деп сұхбат алыпты. *Шәкірті Журналист Шарафадин Әмір*

Күләш Айтмолдақызы психологияны институттың қазақ бөлімдерінде оқытудың методикасын жасап, лекцияларын ана тілінде оқуды енгізуде көп еңбек сіңірді. Университетте «Әмір мектебі» атты клуб жұмыс істейді. Онда жетекшілік ететін К.Айтмолдақызы шәкірттеріне халқымыздың ұмыт бола бастаған салт-дәстүрі мен қол өнерін үйретіп, сан алуан тақырыптарға кештер ұйымдастырады. Сонымен бірге Күләш апай республика басылымдары мен радио, теледидармен де тығыз байланыста. Бала-бақша, мектеп жасындағы балалар психологиясын қалыптастыру жөнінде қала бала бақшалары мен мектептерінде де жиі болып, ашық сабақтар өткізіп тұрады. Мұның бәрі тынымсыз жанның қоғамдық белсенділігін айғақтайтын дәлелдер ғана. «Менің Сізге ғана ұқсағым келеді» - деп жазыпты Күләш апайдың бір шәкірті. Расында, ол кісіге ұқсау – көптеген шәкірттердің арманы. Күләш апайдың сыпайыгершілігі мен адалдығы, нәзіктілігі мен мейірімділігі кім-кімді де тәнті етеді. Еңбегіңіз жансын, қымбатты Күләш апай! Құрметпен – *Раушан Имашева, журналист.*

«*Шәкірт сөзі*» Ардақты ана, аяулы ұстаз халқының өнегелі қызы Күләш апайымыз, аяулы ұстазымыз өмірінің 40 жылдан астамын жастарға тиянақты білім, өнегелі тәрбие берумен қоғамның белсенді, мәдениетті мүшелерін даярлауға жұмсаған екен.

Апайымыздың қарапайым жүріс-тұрысы, жастармен толық тіл табысуы, өнегелі тәрбиесімен қоса өз басының инабаттылығы, ізет-тілегі, жайдары ақ көңілділігі, сабырлылығы шәкірттеріне көрнекі тәрбие болуда. Өз басым аяулы ұстазымды пір тұтам. Мәңгі қарыздармын.

Менің қызметім әскери-тәрбие жұмысы. Яғни менің өмірім де жастарға тәрбие берумен тікелей байланысты. Осындай ізгі мақсатқа жетудің өзіне тән қиыншылықтары мол. Осы жағдайы ретіне келтіруге бірден-бір қол ұшып беріп, ұстаздық мейірімін төккен Күләш апайым, аяулы ұстазым, психолог ретінде адамның жан дүниесін түсінетін, дұрыс бағыт көрсете білетін, үнемі қамқор, тәжірибелі ұстаз ешқашан жәрдемін аяған емес. Ол жайларын жиі сөз етіп, қазақ халқының кең пейіл, қарапайым, қонақжай, еңбекқор қасиеттерін үнемі мысалға алып, шәкірттерінен осы мұраны өмірлік азық етулерін талап ететін. *Табыспаев Маукен Тұрысбекұлы, әскери қызметкер.*

Нұрмұхамбет Д., Н-86 «Алтын арна» ғұмырламалық деректі хикая. – алматы, 1998. 232 бет. Isbn 9965-01-090-0. Бұл кітапқа өмірде болған, бүгінде ұрпақтары ортамызда тірлік етіп жатқан Оразбековтар әулетінің отбасы арқау етіліп алынған. Шығарма ғұмырламалық, деректі хикая дегенімен авторы қазақ басынан өткен соңғы жетпіс жыл ішіндегі оқиғаларға барлау жасайды. Көптеген жайларды кейіпкерлердің бейнесі арқылы көз алдымызға алып келеді. Кітаптың екінші бөлімінде ҚазМПУ түлегі, тәжірибелі ұстаз, қос тілдің бұлбұлы, білікті ғалым, аса мәртебелі жан, «адам жанының инженері» десе – дегендей, адамның жан-күйінің майталман шебері Күләш Айтмолдақызы Оразбекованың өмір жолы, педагогикалық қызметі мен ғылыми еңбегінің сәтті нәтижелері баяндалған. Шығарманың оқиғасы қою. Тілі көркем. Оқырманын бей-жай қалдырмасына кәміл сенеміз. Ұстаз қызметі қашанда қиын, қашанда нәзік әрі жауапты. Осыны ұғынған адам ғана ондаған, жүздеген, мыңдаған шәкірттерінің шын ынта-ықыласына ие бола алады. Күләш Айтмолдақызы осындай абзал жандардың бірі.

Күләш Оразбекованың зерттеу жұмысы кезінде Мәскеу мен Қазақстанның көптеген зиялылары назарында болды. Ол туралы В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин, Д.Н.Богоявленский, П.Я.Гальперин, Н.Ф.Талызина, Н.А.Менчинская, М.В.Дубровина, А.А.Смирнов кіші Леонтьев (баласы), Н.М.Хасанов, А.К.Маркова, Тұрсынов, М.Мұқанов, Суфиев, Бекмухамедова, Сильченко, Смирнова т.б. жылы лебіздер айтқан. Халық ағарту ісінің озаты, тіпті алыс мұхиттың арғы жағындағы атақты Нью-Йорк Академиясының толық мүшесі және құрметті докторы Күләш Оразбекова үшін жайдақ мақтаншақтық жанына қас. Кей-кейде орта бойлы, бидай өнді, үстіңгі еріннің жоғары жағына бидай түйіріндей меңді табиғат әдемілендіре түсу үшін әдейі қондырғандай ақжарқын ұстаз өткен өмір жолын ойша шолып шығары да бар. Сонда, алдынан дәріс алып, қазір еліміздің түкпір-түкпірінде ең шамалары жеткенше еңбек етіп жүрген сан мыңдаған шәкірттерінің өзіне деген шексіз разы пейілдері мен ақ тілектері жанын шуақтандырып, кеудесін нұрландырғандай. Әсіресе, қазір белгілі айтыс ақыны, тілі шұрайлы, сөздері сұлу *Оразалы Досбосыновтың* (студенті ғой) «Күләш апайға арнауын» оқығанда «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген әйбат нақылын жаттап өскен жастарға сүйсінгендіктен. *Оразалы* шәкірті бірталай жыл бұрын әлгі өлеңде:

Ғылым бар ма психология ғылымындай,
Ақ күміс үсті айдынның тұнығындай.

Күләш апайдың: «Иман және инабатын» оқысаңыз,
Адам қанбас анардың шырынындай, дей келіп, содан соң:
Апаймыз дарияның құндызындай,
Маңдайалды елімнің жұлдызындай.
Бейіштің есігі ашық қалған кезде,
Ел үшін қашып шыққан қор қызындай деп жырлапты.

Тіпті, одан әрі

Сөздеріңіз баға жетпес інжу-маржан,
Секілді Эрмитаждың хрусталіндей,
Тоғжанның шолпысындай тәтті үніңіз,

Абайдың кетпейтұғын құлағынан, деп бар пейілін жыр жолдарымен өрнектепті. Дау жоқ, осы уақытқа дейін зерттеле қоймаған, сараптаусыз, жатқан қазақ халықтық психологиясы мен тәрбиесін тың тұрғыдан айту, толық қамту оңай шаруа емес. Өскелең ұрпақты ұлттық рух, шынайы асыл үлгісі мен қалыптасқан халықтық өнегесі болса да, осының бәрін жүйелеу, бір ізге келтіру ғылымға шын берілген бейнетқордың қолынан ғана келер еңбек. *Жаңабек Шағатаев, жазушы, Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты.*

Әрине, бүгінгідей сананы тұрмыс билеген уақытта өсіп келе жатқан жас ұрпақтың көңілін аулап, дұрыс жолға бағыт сілтейтін, елім деп туған ер-азаматтарымыз бен мейірбан аналарымыздың ісі емес пе? Ал, К.Оразбекованың ұлттық тәлім-тәрбие негізінде айтқан ой-пікірі жаңа өсіп келе жатқан жас ұрпақты тәрбиелеу жұмысы барлық жерде ұйымдастырылып, уағыз айтуды көбейтсек, болашағымыздан көп жақсы үміт күтуге болады дейді. *Жанболат Сәрсенбай. Жас алаш. 30 қазан, 1997 ж.*

Менің аяулы да ардақты ұстазым. Мен Күләш Айтмолдақызы Оразбекованы мектеп қабырғасын аттаған күннен бастап білемін. Бұл 1955 жылы болатын, 2-класта оқитынбыз, біздің класс пионерге өтпекші болды, сол кезде бізге пионер вожатый болып Күләш Айтмолдақызы Оразбекова келді. Пионерге өтетін антты сабақ соңынан жаттатып бір демалыстай дайындатып, пионерге өттік. Пионерге өту мойнымызға қызыл галстук тағу, біз үшін үлкен мақтаныш болды. Сол күннен бастап Күләш Айтмолдақызы біздің кластың жүрегінде мәңгі қалды. Күләш Айтмолдақызы осы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте аға пионер вожатый болып жұмыс істеді. Сонымен қатар Күләш Айтмолдақызы тек білімділікке ғана емес кішіні сыйлау, үлкенді құрмет тұту жағынан да бізге тәрбие берді. Ол кісінің айтқан әр бір сөзі біздің көкірегімізде мәңгілікке қалды.

Осы кезге дейін айтқан әрбір сөзі менің есімде. Әрбір оқушының ойы осы Күләш апай секілді ұстаз болсақ, осы кісі сияқты әдемі болсақ деп армандайтынбыз. Содан қанша жыл көрмей 1999 жылы «Мамания» мектебі ашылар кезде көрдім: Ғылым жолындағы еңбек туындылары кәзіргі Ақсу ауылындағы Қазақтың дүлдүл ақыны, Ілияс Жансүгіров атындағы «тарихи-өлкетану» мұражайының төрінен 20-ға жуық кітаптары биіктен орын алды, деп жалғаса береді. Ілияс Жансүгіров атындағы тарихи-өлкетану

мұражайының директоры Жумагелдинова Жалиха Қыдырбекқызы. 2004 жылы 13/XI-2004 ж.

Ұстаз мерейі. Ұмытпасам 1987 жылы болар, ҚазПИ-де өткен кездесуде Күләш Айтмолдақызымен алғаш таныстым. Ұлтымыздың кейбір көкейкесті мәселелері жайлы толғана сөйлегені сүйсіндірді. Шәкірттері өзін ерекше қадір тұтады екен. Күлекеңнің ұстаз ғана емес, адам психологиясы иірімдеріне еркін бойлай алатын ғалым екенін кейін еңбектері арқылы білдім.

Бүгінгі таңда қазақ әйелінің рухани тұлғасы ұлтымыздың сан ғасырлар салт-санасын, дәстүр-талғамын, әдеп-ибасын бойға жинай білгендігімен ғана емес, соны қолдай, қорғай білгендігімен де өлшеңбек. Асып-таспайтын, үлкенді үлкендей, кішіні кішідей сыйлай білетін, қашанда ел мүддесін биік қоятын осы жайсаң апатайыма мүшел тойыңыз құтты болсын, жұлдызыңыз шәкірттеріңіздің көңіл көгінен жарқырай берсін демекпін. *Мұхтар Шаханов*
20.08.1990 ж.

Күләш қарындасыма!

Осылай оркестрдегіміз
самалымызды;
Жасай бер бағатымызды
дауа қызы!
Ұлт бол іліміңізге
тәуелдіміз,
Кемешек кемелдегер
бауалымызды!
Атам: Әзіз Табылдис
30.05.2001

Бұл ерігіміз үшін
Нұрнамашер Оғазыма жүре
емін қабылдауға дайынмын.
Төгілді. 45
Кабинет 29
Р. Самаев
(33-53-50)
Қазақстан Нұрнамашер
Оғазының нағашы хатшысы.

Күләш Аймолақызы Оразбектегіне

Осы мен Күлекеңе қайран қалам,
Көргенде Күлекеңді жайраң қағам.
Қыз өссе елдің көркі деген сөзді
Күләшқа лайықтап мен де жазам...
Неткен ғажап табиғат берген сұлулық!
Сұлулыққа жанаспайды зұлымдық.
Қыз бала келсе отбастарына қазақтың,
Күләш қою керек деймін ырым ғып.
Білім қуған қазақтың қаракөзі,
Көптің бірі емессіз, дарабозы.
Үлес қосқан адамсыз игілікке,
Бір арнадан шығатын ісі – сөзі.

Күресті қиындықпен, қажымады,
Шаршаса да бір уақыт, налымады.
Көбімізге бүгінде жетпей жатқан,
Ізгілік бойыңыздан табылады.
Тал бойына бәрі де жарасады,
Еріксіз жан біткенді қаратады.
Сәулесі нұр шашатын қара көздер,

Шуағын айналаға таратады. *Бақыт Сәйпеденқызы*

Әміржантегі, Халыққа білім беру министрлігі 25-тамыз 1992 ж.

Ұстазы мықтының – ұстамы мықты. Психолог – адам жанының, болмысының, мінезінің кілтті, инженері десек қателеспеспіз. Өйткені әрбір жанұяда тәрбиеленіп жатқан болашақ иелерінің жан дүниесіне тіл тауып, тәрбие кемшіліктері мен жетістіктерін жете түсініп, жөн сілтеп, белгілі бір бағыт беріп мәдениет пен адамгершілік биігіне жетелеу тек ұстаз – психологтың ғана қолынан келеді.

Оразбекова Күләш Айтмолдақызы сияқты, әрбір студенттің жан дүниесіне үңіліп, сүрініп жатқанда сүйеу болатын оқытушылар некен саяқ. Әрбір студентпен жеке жұмыс істейтін оқытушыны, әдетте, есі дұрыс емес шығар дейтін де теңеулерді естіп қаламыз.

Қорыта келгенде, жастар тәрбиесі адамзат тарихында әрқашанда қажымай, талмай ізденуді, жаңалықтармен толықтырып, тәрбиенің озық түрлерін беруді қажет ететін, жауапкершілігі мол, аса іскерлікпен, парасаттылықпен қарайтын басты ғылыми сала болып қала береді. Өйткені сол заманның, болашақ өз ұлтымыз үшін, яки қазақ халқы үшін халықтық педагогиканың мәні мен маңызы ерекше. Халықтық педагогиканы саралай білу оны болашақ ұрпақ жүрегіне жол тауып ұялату оңай жұмыс емес. Әсіресе, қазіргі аласапыран заманда, яки тіліміздің де, дініміздің де, дәстүріміздің де шұбарланып, азып-тозған кезінде. Халық педагогикасы – болашақ өмір тізгіні. *Қалымбетова Несіп Қасенқанқызы*, еңбек демалысындағы зейнеткер. «Жас Алаш». 12.07.1992 ж.

Күләш Оразбекованың бала дайындығына тексеру жүргізу тәртібінің кейбір әдіс-тәсілдерін беріп, оның мән-мағынасын талдап көрсету, сөз жоқ, қалың оқырман қауымға үлкен көмек болары анық. Жалпы, үш бөлімнен тұратын аталмыш кітап – педагогика ғылымы саласындағы ауқымды проблеманы көтеруімен, ізденіс еңбекқорлығымен, зерттеу нәтижесінің толымдылығымен ерекшеленетін, маңызы айрықша еңбек деуге тиіспіз. Зерделі қауым үшін бұл кітап Оразбекованың бала тәрбиесінде оқып-үйренер тілашар, бала жан дүниесін түсінуге бастап барар құбылнама, құнды құрал іспетті. *Ермек Назым*. 4-10 тамыз, 1998 ж.

Күләш Айтмолдановна! Сегізінші Март құтты болсын, денсаулығыңыз мықты боп, әрқашанда творчестволық еңбек мерейіне, құшағына қуаныштың бөлене беріңіз!

Өмір мектебі – көңіл мектебі қуат алып
Өзіңізден
Өмір мектебі шырқайды самғап, шырқайды
Өзіңізден

Шабыт тауып, тулайды жүрек, тулайды!

Құтты болсын, құтты болсын Мерекең! *Кафедра
ұлдарыда* Күләш апайды жақсы көреді екен.

Мен Күләш Айтмолдақызы Оразбекованы 12-13 жылдың көлемінде білемін. Мінезі биязы, сабырлы да салмақты сөйлейтін, айтқан әңгімесін жан-жақты салмақтап, ой елегінен өткізіп, артық-кемін жібермей ортаға салатын ғалыммен 70-ші жылдың аяқ кезінде кездескенмін. Қазақ радиосының «Семья және мектеп» радиожурналында редактор болып істеп жүрген кезім. Редакцияға мектеп оқушыларының психологиясын қалыптастырып дамыту жолында ұстаздар қауымының алдындағы міндеттері жәйлі жазылған көлемді мақаласын алып келді. Бұл қазақ радиосынан сирек берілетін, қаншама ғалымдарға тапсырма берсек орындай бермейтін, орындаған күнде де көңілден шықпайтын тақырып еді. Біз ғалымның өмірден алынған нақты мысалдарға құрылған, қызықты да әсерлі жазылған әңгіме етіп отырған тақырыбын барынша кең көлемде зерттеген мақаласын «Семья және мектеп» радиожурналының бірнеше санында бердік. Артынша-ақ радио тыңдаушылардан мақалада айтылған мәселелерді құптаған хаттар түсті. Біздер үшін, тек радио үшін ғана емес, жалпы баспасөз үшін алынбас қамалдай көрінген тақырыптың есігі кең ашылып, бүгінгі мектептердегі бала психологиясы, ұстаз бен бала арасындағы тіпті ата-ана – ұстаз – оқушы арасындағы психологиялық қарым-қатынас мәселелері төңірегінде ой толғаған Күләш Айтмолдақызының мақалалары баршаның жүрегіне әсерлі жетіп жатты. Радиожурналды тыңдаушылардың асыға күтетін адамына айналды.

Күләш Айтмолдақызының студенттерге оқыған лекцияларынан өткізген ашық сабақтарынан байқадым. Ол кісінің әр сабағы тұнған поэзия, лирикалық көңіл-күй, білім қайнары. Өз шәкірттерімен өзін тең дәрежеде ұстап, ақылдаса, пікірлесе отырып, жүргізетін лекциялары тыңдаушыларының есінде ұзақ сақталары да анық. Күләш Айтмолдақызының студенттерден емтихан алу

тәсілі де ерекше жүйеге құрылған. Шәкіртіне төмен баға қоймау – басты критерий болған оқытушы: «Егер студент өзінің жүргізетін пәнді білмесе, бұған ең алдымен, ұстаздың өзі кінәлі» - деп есептейді. Сондықтан, емтихан билеттерінде Күләш апай студенттерімен бірлесіп құрып, бірлесе талқылайды.

Күләш апайдың сабақ беру әдісі де басқа мұғалімдерден бөлек. Алғаш кездескен бірінші сабақта өзінің үш талабын қояды: «Бірінші талап сабақтан себепсіз қалмау және Апайдан кейін кірмеу. Екінші талап бағаны мен емес өздеріңе өздерің қоясын дейді. Үшінші өзіндік жұмыста міндетті түрде талабы ата-баба мұраларынан өз бетімен таңдап алу. Еш уақытта мына тақырыпты жазасыңдар деп зорламайды, таңдау өздеріңде деп қызықтырады. Апайымыз аудиторияны өзінің керемет дауысымен баурап алып, психологияның қыр-сырын санаңа құяды.

Бірін қорытып мағлұматтың жаңасын миыңа құйып, есіңе салады. Сәт сайын тың мәліметпен байып отырасың санаң жаңарып, ойың сергіп, көкірек көзің ашыла береді. Соның бәрін жеткізуі керемет, ұтымды, арасында әлсін-әлсін күлдіріп те алады. Ешкім ештеңе жазбайды, басқа мұғалімдер сияқты дәптерге жаздың ба деп тексермейді. Жазып отырып тыңдау қиын, кітап бар библиотекада алып оқыңыздар деп, кейде барлығымызды автобусына отыртып алып барып, кітапты алғызып, қайта әкеледі. Басқа ұстаздарға ұқсамайды жақсы оқығандарға жыл аяғында кітаптарын, жағдайы нашарлардың жолдық ақшасын береді, киім кигізеді.

Өте қызық адам, былай қатал сияқты болған мен мейірімді, жағдайыңа қарайды. Тіпті түн жұмыс істеп келгендерді артқа отыртып ұйықтап ал дейді. Келесі сабақта дұрыс отырасың. Шынын айтса қорылдап ұйықтап алатындар да болды. Біздердің бірімізге біріміздің жанашырлығымызды да оятатын сияқты. Ұстаз ба, әлде анаң ба дейсің кейде. Мұның дәлелдері де бар:

«Ұстаз – Ана»

Ұстаз – ана жібек мінез есілген,
Шәкіртінің кетпес мәңгі есінен.
Қиналса да, ашуланса, мұңайса,
Шәкірті үшін тез жадырап шешілген.

«Бұл өмірдің ащысы көп балынан,
Боталарым қателесіп жаңылман.
Сендер үлкен азамат боп өсіңдер,
Арманым сол менің мәңгі сағынған...»

Қуанышың құтты болсын Күләш ана,
Жадыраған күндей күл әрқашан да.
Мейірімің үстем болып, жарқыраған,
Биіктен де, биікте, күн қасында! *Г.К.ПМНО АГУ*


Фамилияңды толық жазсаңшы деп өтініп ем, қорқамыз басқа мұғалімдер өзін жазбаған соң өш алады. Міне бұл шындық мұғалімдер арасында көреалмаушылық, өсек-аян көп жүреді.

Студенттерді біреудің артынан сөз жинауға қинайтын мұғалімдер де бар. Тіпті кейде арызда жазғызатын. Бұл туралы да студенттердің ішінен айтатынына көзім жетті. Апайдың студенттерімен қоштасып кетуге бет алсам да олардың әр қайсысы бір нәрсе айтқысы келетінін білдірді. Мен тағы келем сабақтарыңа кіріңдер деп, Күләш апай туралы биік ойларымның шындық екеніне қуанып редакцияға бет алдым. *Журналист Дінәш Нұрмұхамбет.*

Талантты, танымал ұстаз Күләш
қарындасыма ізгі тілектен.
Автор 16/VI-1999 жыл.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев
Оңтүстік өңірінде
Естеліктер
Жинақты құрастырған
БАҚТИЯР ӘЖІБЕКОВ

Күләш – Қажы Ана Айтмолдақызының
ізгі ниетін Алла қабыл ете көрсін!
Дәулет Қажы Д.Қонаев Мешіті
Тел: 41-21-07. 17.06.2001



Осылай кітап сыйлаған ағадарының саны көп. Оларды қастерлеп Күләш апай сақтайды екен.

«Тәрбие – тал бесіктен, сығаламайық тесіктен» Жуырда Алматы қаласындағы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепте Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің психология кафедрасының профессоры, Нью-Йорк академиясының толық мүшесі Құрметті философия докторы атағына ие болған Күләш Оразбекова мектеп оқушыларымен кездесіп, жан сырын ортаға салды. Мектеп мұғалімдерінің ұйымдастыруымен болған бұл кездесу мектеп оқушыларына қатты ой салса керек, ғалым апайларына әртүрлі сұрақтар қойып, әр уақытта осындай кездесулердің болып тұруын өтінді.

Бауырымның баласы (өз баламдай) оқыған мектепте Хасанғалиевтың да ұлы оқиды екен. Ұлына Күләш көп көмек көрсетіпті Нуртазина Рафиқа директор болып тұрғанда. Кездесу өте қызықты, пайдалы өтті, оны директор Сапабеков басқарды. Біз өте риза боп қайттық. Фариза Оңғарсынова.

Ұстазға шәкірт сыншы, дегендей студенттердің ұстазы туралы ойлары да адамды толғандырады.

Бұл күнде Күләш апай менің де ұстазым. Мектептегі ең алғашқы педагогикалық практикамыз өз мектебінде, Күләш апайдың басшылығымен болды. Біз үшін, яғни интернатта өскен жастар үшін, екінші үйімізге айналған интернат қашанда ыстық. Үлкен-кішіміз бір-бірімізді бір үйдің балаларындай сезінетінбіз. Ұямыздан ұшсақ та, көктемде қайта оралған қарлығаштай мектебімізге жиі-жиі барып тұрамыз. Әрқашан алдымнан шыққан үлкен-кіші оқушылар, ұстаздарым құшақ жая қарсы алып, бетімізден сүйіп, алыс сапардан келгендей боламыз.

Менің мұңымды көрген Күләш апай да еріксіз езу тартып, қызыға қарап тұрды, келместей болған өткен күндерін еске түсіргендей... *Әлиева Жұмагүл Әбдімәдиқызы, ҚазПИ, филология факультеті, 1-курс*

Шалғайда жүрсең ата-ананды қатты сағынасың. Мұнда әсіресе, баланың анаға махаббаты шексіз. «Аяулы анама» деген өлеңімді анамды қатты сағынғанда жазған едім. Менің өмірде екі анам бар. Біріншісі – туған анам, екіншісі – ұстаз анам. Сабақта отырғанда анамды сағынғанда сабақ беретін ұстаз апайларым көз алдыма туған анамдай елестейді. Мен өзімнің кішкентай жүрегімнің екінші анаға деген үлкен лебізін мына өлең жолдарымен білдіремін.

«Күләш апайға»

Атағыңыз Қазақстан әлеміне тараған,
Шет елдерде қызығысып қараған.
Сіз болыпсыз Нью-Йорк мүшесі,
Сіздей ұстаз болғанына таңқалам.
Теледидар арнасынан хабарларға шығасыз,
Әр хабардан ой-санаға білім нұрын құясыз.
Өсиеттеп нақыл сөзбен кеңес бересіз,
Газет-журнал беттеріне мақаланы төгесіз.
Көп нәрсені осы пәннен үйрендік,
Жақсыларды үйреніп, жамандардан жирендік.

Асылды жасықтан тазалап алғандай,
Орысшадан қазақшылық күйге ендік.
Үйретесіз көп нәрсені біздерге,
Ұстаз-ана қарыздармыз сіздерге.
«Тал бесіктен тәрбие басталды» - дегенді,
Үйрендік-ау ұлттық тәрбие біздер де.
Өнеріңіз биіктеп өрлей берсін,
Қазақта сіздей ұстаз көбейе берсін.
Қазақтардың психологиясын танып,
Басқа ұлттар да бізге қарап көркейсін. *Қызыңыз –*
Ақмарал, филология факультетінің түрік бөлімі.

«Күләш апайға»

Күләш апай ардақты ұстаз анасыз,
Мейірбан жан бізге әркез панасыз,
Білім беріп өсірдіңіз ұл-қызды
Барма екен сізден асқан,
Бақытты жан бұл күні.
Жаттатқызып Шәкәріммен Абайды
Білім беріп үйреттіңіз талайды
Бәрі сізді ұлы ұстаз санайды
Өзіңізді мақтан тұтып қарайды.
Күләш апай ұстаздардың тірегі
Балаларға ашық жарқын жүрегі
Балалармен бір қуанып бір күліп
Анамыздай еркелетіп жүреді.
Ұстаздардың төрайымы бұл апай
Кейде өзі болып кетер тым қатал
Ақылыңызды санамызға ұғамыз
Бізде сіздей биіккеде шығамыз
Күләш апай еңбегіңізді ақтаймыз
Асыл сөзіңізді жүрек түбінде сақтаймыз
Өзіңізден тәрбие алған біздерде
Жамандыққа ешқашанда баспаймыз. *Апбазов Қазбек*
Шаммахамбетұлы II курс ЭИОПЭ

«Жан Ілімі»

Жан ілімі, адамзатқа беретін үлесі мол,
Қасиет пен сезімнің жүйесі ол.
Жетелейтін адамдық, адалдыққа,
Білсеңіз дүниеде киелі ол
Жан ілімі, тұратын орны бөлек
Меңгерген бар адамзат оны сүйіп
Тәрбиесіз, тәлімсіз ұл-қыздарға,
Жақсылықпен тұратын себі тиіп.
Жан ілімі өткерген талай ғасыр,
Ей, ұрпақ, бұл ілімге еңбек асыр.

Жаныңды елжіретіп, ерітетін.
Үйреткен жан ілімі ұстаз асыл.
Пәктіктің айналғандай тамшысына,
Сөзбенен жете алмас алғысында
Ай мүсінді ұстазым, шапағатшы, Күләш апа
Айналған жақсылықтың жаршысына.
Қиялға қанат берген сөзіңізден,
Күләш апа айналайын өзіңізден. *Абдуллин Алмас*

Филология факультетінің Әзірбайжан бөлімі.

«Апай аштық жариялады дегенде»
Сенбілік біздер, көңілім тіпті сенбеді,
Елестеп көзге сұп-суық адам өңдері.
Ойлаймын үнсіз періште сипат сол жанға,
Абақты деген аты өшкір тең бе еді?
Апайға қазір қарлығашша ұшып жетер ме ек,
Неңдей күш, сезім осы іске шықты жетелеп.
Ұлт қамы болса, нәзік жан, сірә, қайыспай,
Ер жүгін қалай нар жүгін қалай көтермек?
Су тиген борша жаншылып көңіл үгілді,
Күдік пен үрей биледі сол бір түнімді.
Жан суға сұрап тұтқынға түскен жандай боп,
Ой деген шіркін, әр саққа тынбай жүгірді.
Ертесі сабақ. Келер ме екен, келмей ме?
Сонша ыстық бейне есіктен күле енбей ме,
Тілекті тәңір, тілекті тәңір бермей ме?
Япырым-ай, енді кешікті-ау, неге келмей ме?
Үрейлі сұрақ қамшылап сұмдық жанымды,
Белгісіз ағын қуалай соқты тамырды.
Уһ! Келді-ау, әне, лезде түнек сырылып,
Орнады жұмақ, пейіштің шамы жағылды!

Өміржанова Жанар Тоқтарбайқызы. Алматы, 1992 ж.

Күләш Айтмолдақызы Оразбековаға
Тылсым үні таусылмайды – жыр бесік,
Күләш атты сәби жүрек қақты есік.
«Өмір гүлі ашылсын» - деп қойған ба
Айтмолда ата рухтарымен тілдесіп
Күләш аты киелі ме, таң қалам,
Күлімсірей құлақ түрді бар ғалам
Бір ғасырдың екі Күләші тарихта
Бірі – өнер, бірі – ғылым таңдаған.
Ойлауменен елдің қамын арымай,
Жүрегі пәк аңқылдаған дарын-ай!
Адалдықты зұлымдықпен арбаған,
Қойсын сізге жамандықтар дарымай!
Қамын ойлап өркениет халықтың,

Күләш апа, сан қиналып жабықтың.
Мәңгілік теңізінде тербеліп,
Өрлей берсің ақ кемесі Даңқтың! *Көлбаева Агзия*
«Өзіңізге апайым»

Ондай берсін жолыңызды Құдайым,
Риза қылып нұрын сепсін ылайым.
Ақылыңыз алдыңыздан арайлап,
Зерлі тастар, сыйласыншы мың айын!
Белгі болсын жырдан өрнек құрайын,
Еңбекті де ардақтап көп тұрайын.
Күләш апай өзіңізге тілеймін
Оттай болып жанып тұрған нұр айын!
Вашингтонда, Әлем сізді танысын,
Азаматсыз! Ары адал арысым! Гүл екен тілекпен

қазақ филологиясы факультетінің студенті *Қамшыгер Саят*.

Биыл Ин-Шаллах Аллаһ нәсіп етіп сүйкімді де де сұлу, жаны да өзі де көркем Күләш құрбыммен Мекке де қасиетті кездесіп қуанышқа бөленіп тұрмын. Аллаға мыңда бір медеу жақсы адаммен жанастырған. Көркемім менің, сенің амандығыңды өмірде аңсаған армандарыңа жете беруіңе шын жүрегіммен тілектеспін! Көрер қызық, кездесер күндер көп болсын!

Биылғы Акбар қажылығыңмен (ұлы қажылықпен) құттықтаймын! Мен сені сүйемін, күйеді жүрегім тек қана сен үшін өмір сүремін деп, сенің езу тартуың үшін осылай жазамын. Хош сау бол. Аллаһ әр қашан жар болсын! Балалрыңның қуанышына тоймай ұзақ өмір сүре бер. Еңбегің де жемісті болсын! Халқыңа қалаулы, еліне елеулі біз сияқты шеттен келген адамдарға құшақ ашық, ыстық өзіңді іздеумен аңсаумен жүретін адамдар көп болсын. *Сәлеммен Жақсылық*. Екібастұз қаласы Ленин көшесі 91-90 6-02-90 код 31835. Бұл жылғы Қажылық 10-15 жолда бір болатын ұлы қажылық. Бұның сауабы 7 рет келгенмен бірдей. Иншаллаһ. 1997 жылы қараша айының басында Күләш бізбен екінші рет қажылыққа баруы.

Баласы Ануарбек үнемі анасын сүйеумен, аялаумен жүрді. «Ұлық болсаң кішік бол» деген ертеден келе жатқан қазақтың байырғы сөзінде бұл кісінің мінез құлқынан әдептілігі мен сабырлығын байқап жүрдік.

Қайтарда «Жида» әуе-жайында қажылық сапарының басшыларынан болған қолайсыз жағдай (белетке ақша төлемеген) жұртты дүрліктіріп, айғай-шу басталып, басшыларымыз көзден таса боп қашып кеткенде бұл кісі білімділік деңгейінің өзгеден артық екенін тағы да байқатып, жұртты шыдамдылыққа, сабырлыққа, тәртіпке шақырып, жеңілдікке жол бермей өзінің біліктілігін байқатты. Аталы сөздер айтып, ұстамдылыққа шақырып, жұрттың дүрлігуін басып қана қоймай, тығырықтан шығаратын шаралар іздестірудің тиімді жолын көрсетті.

Өз ақшасына, тамақ, шәй, су әперіп көпшілікті тынышталты. Өйткені бәрі ашулы, ақшалары қалмаған, үйге қайтамыз деп сыйлықтар алып қойған. Осылай ашуларын басып «Білімді адам мыңды жығады» деген қанатты сөздің шындығын Күләш Оразбекова қажы тағы да бір рет өзінің ақылдылық

парасатын көрсетті. Ұлы адамның ұлылығын тағы да көзімізбен көріп қуанып рахметімізді айтып жүріп, әйел болсаң осындай бол дедік. *Абай Қажы*.

Жылы лебіз. Адам кейде соқырға – өзің көріп тұрған әсемдікті суреттей алмағандай, саңырауға – өзің естіген әсем әуенді жеткізе алмағандай күй кешесің, кәдімгідей шаршайсың. Бірақ – Күләш, өзінді көргелі, өзіңмен сұхбаттасқалы мен осы бір асқақ сезімге, нық сенімге қайта арқа сүйедім. Себебі сен секілді кеудесі нұрға толы, сырға толы қазақ әйелін тіршілікте кездестірмегеніме және азғана күндер сыр алысқанымға тәңірге тәубе етемін.

Ер азаматтың орны бөлек қой, біздің қазақ әйелдері үшін.

Сонда да- ел басына күн туған шақта ермен жарыса егеулі найзасын қолға алып, жауына семсер сілтер ұлы жүрек иесі. Ұлтын сүйер, ел тілін тілер ұлы қазақ қызының замандасы болсам менің де иығыма түсер жүк, халық алдындағы жауапкершілігім аз емес екен-ау, асыл құрбым. Мен өзіңе кезедскелі осыны ұқтым, сезіндім. Бір күні «Рахат» телеарнасынан өзінді көріп, тіліме бір шумақ өлең де оралды. Өзіңе қатты қызығып, ғашық болдым!

Қажеке бар тілегім бір басыңа,

Ер тұрмақ ғашық болды үрғашы да.

Жаныңа қызыр – дәулет жолдас болып,

Шыға бер шаршамастан қыр басына, деп аяқтадым.

Өзіңмен әр кездесуімнің өзі маған ұлы қуат, жігер беретінін мойындадым. Қамшының сабындай ғана – деп кейде күпірлікпен айтар ғұмырымды мағыналы еткен асыл құрбым сен аман бол! Қарға тамырлы – қазақты ру – руға бөлініп, жүз-жүзге бөлініп жіктеліп кетуден сақтап, ел мен – елді, жер мен – жерді құдалықтың құтты бесігіне бөлеген – Қазақ әйелі аман болсын! Еліміз аман! Елбасымыз аман болсын! Әумин! Сәлеммен: *құрбың Сабралиева Алтын Қажы Рахымбай 25 сәуір 2005 жыл*.

Студенттерге мұражай шаңырағында өткен сабақ өте ұнады. Олар естелік әңгімелер арасында М. Әуезов шығармаларындағы психологиялық иірімдерге, ондағы Абай шығармаларымен үндестіктеріне талдау жасады. Студенттер М. Әуезов шығармаларынан үзінділер оқып, ұлы жазушы сүйіп тыңдаған әндерді орындады. Сабақ соңында тарих факультетінің сырттай бөлімінің 1 курс студенттері мұражайдың «Естелік қолтаңбалар кітабына» қолтаңба қалдырып, арыстар аруағына бағыштап, құран оқып, гүл шоқтарын қойды. Мұражай меңгерушісі И.В.Черкасова өз шаңырағында өткен бұл ашық сабаққа өз ризашылығын білдіріп, оны ұйымдастырған К. Оразбековаға алғыс білдірді. Әуезов әлемінен тағы бір тағылым тармағын тартқан бұл ашық сабақ оқытушының алып мерейтойына деген өзіндік тартуы болмақ. Менің осы кісіге ұқсағым келетін, өйткені арманымның бір ұшығы осы кісіде жатқандай болатын да тұратын. Өз ойымның шырмауынан шыға алмай тұрғанда, қасымда тұрған Гүлзия түртіп қалып: «Мәссаған, апайды қара! Күләш апай кезінде вожатый болған деп үш ұйықтасам ойламаппын» - деді, бір түрлі дауысында таңданыс аралас қуаныш бар секілді. Басқалар да өзара күбір ете қалысты. Менің де ойым сан-саққа жүгіріп, психология пәнінен дәріс беретін Күләш апай көз алдыма еріксіз оралды. Біршама жасқа келіп қалса да еш өңін бермеген нәзік, ажары да сол жап-жас күнгідей! Тіпті, алдымдағы суретте

тұрған уылжыған жас қыздан да әдемі сияқты. Жігер мен жастықтың жалынына, мейірімге толы жанары бүгін де сол қалпын жоймағандай. Қазақ қыздарына тән әдемілік, биязылық, кішіпейілділік, қарапайымдылық өз бойында қанша болса, біздерден де талап етіп, нағыз қазақ қыздарындай болуға шақыратын осы бір мейірімді жанды бәрі де ұнатады. Студенттердің Күләш апайға арнап өлең жазатындары да сондықтан сияқты. Ұстаз үшін нағыз бақыт – шәкірт жүрегіне жол таба білу ғой. Біз апайымызды бақытты жан десек қателеспеген болар едік. Шәкірттерінің ыстық ықыласына бөленген аяулы ұстазды мақтан еткім келеді. Ұстазымызға қашанда мерейіңіз биік болып, шәкірт жүрегінен үлкен орын алыңыз демекпіз!

Ұстазымның ұстазы болған Күләш апайға менің де ықыласым шексіз. Өйткені ол кісі өзім он жыл бойы білім нәрімен сусындаған Алматы қаласындағы №2 мектеп-интернатта 1970-1973 жж. сабақ берген, ұстазым Мұрат ағайдың ұстазы болған. Апайдың әңгімесіне қарағанда, сол жылдары да ұстазым оқушылардың ыстық ықыласына, мол сеніміне ие болған. Тіптен сабаққа қойған талабы жоғары болса керек, сондықтан да оқушылар ол кісіні «докажи апай» деп атап кеткен көрінеді. *Н.Тегінбайқызы, «Алматы ақшамы»*

Тәрбие басы – тал бесік «Халық педагогикасы туралы кітап» «Ұстаз» деген сөз қасиетті есім ғой. Сол есімге адам заты сыйып, лайықты болса – қандай ғанибет! Студент, мұғалім, методистерге арналған жаңа жылда қолымызға тиген «Ұстаз психологиясы» кітабына арқау болған жан – ҚазПИ «қазіргі ҚазМПУ» түлегі, қазір сонда психология кафедрасының доценті, ғылым кандидаты Күләш Оразбекова еді. Бұл кісі биыл қысқы каникулда Ақтөбедегі қазақ гимназиясына арнайы келіп, психологиядан лекция оқыды.

Ұстаздық жолын аға пионер вожатый болудан бастаған жас қазақ қызы алынбас қамалдай көрінетін психология ғылымының соңына түсіп, мектеп оқушыларының жан дүниесін дамытып қалыптастыру жолына өз өмірін арнаған. Табиғи көркіне білімі сай, біліміне ақылы сай – нағыз ұстаз екен деген ой келген бәрімізге. *Ақтөбе қазақ гимназия мұғалімі Гүлжан Сейтова.*

«Күләш апай білдірді»

Кейбіреу қаламнан-ақ сынайды екен,
Бір затты бардай қылып ұстағаның
Қаламыңнан көрініп тұрады екен.
Бүгінгі өмірдегі талапқа сай
Қос қалам жүрсін сенде қабаттаса.
Бірімен хат жаз, қол қой, ал бірімен
Жазу жаз күнделікті сабаққа сай.
Ақыл-кеңес беретұғын мың түрлі,
Жан емеспін туа біткен білгір-ді.
Бұның бәрін «жан» пәнінен ұғындым,
Мұның бәрін Күләш апай білдірді.
Жақында сол апайым құдай қолдап,
Дегендей рухы жебеп, әруақ оңдап.
Америка – Нью-Йорктің мүшесі боп
Өзімізде профессорлық алды қорғап.

Неше жыл ересен зор еңбегімен,
Қадірлі болды бүгін елге міне,
Тәрбие, білім көздеп жазған талай,
Еңбегі жарық көрді жер-жерімде.
Бөленіп ризығына дүйім жұрттың,
Мойымай салмағына қиындықтың.
Көп бейнетпен үлкен атақ алыпсыз,
Құдайым ұзағынан сүйіндірсін.
Халқым деп соққан ыстық жүрегіңіз
Ұлт қамын жүргендердің бірі едіңіз.
Әзірбайжан бөлімінің атынан
Осы апай өзіңізге тілеріміз.
Сіздің кей ісіңізде жатыр аңыз,
Бір күні біз сіздердей атанармыз.
Сол кезде алған білім-өнегені,
Болашаққа ту қылып апарамыз.
Жаралған жақсылыққа талабы тек,
Жүрмеспіз бос сеңделіп жадап-жүдеп.
Сенемін үлгі істерін, Күләш апа,
Болашақта жалғасын табады деп. *Абдуллин Алмас,*

Жамбыл ауданы «Бесмойнақ» ауылы, филология ф-тінің әзірбайжан бөлімі

Бұл менің Мұраттың жинаған мағлұматтарынан қысқартып алғандарым, көбі тек дәлел болып қағаз папкасында қалды. Қарап отырсам Күләшты қорғаудың қажеті жоқ. Өйткені оның атқарған ісі өзін қорғамақ түгіл тым биікке көтеріп тұр. Қаншама ғалымдар жазған еңбектеріне өте жоғары баға берген. Өзінің бармаған жері жоқ: бүкіл қазақстанды айтпағанда, бүкіл Ресей қалаларында 70-80 жылдары үлкен конференция, съездерге қатысып баяндама жасап жоғары бағаларға ие болған. Тіпті жазған 30 сабақ үлгісі, Германия, Тула, Грузия, Ереван, Баку, Москва, Ленинград, Минскіде апробациядан өтіп ұлт мектептері сабақ кестесіне енгізген. *Ораз Жандосовтың* мінездемесінде Күләш лекция оқуға жіберген жерінен бас тартқан емес, барған жері артынан мақтау қағаз жіберіп, тағы да жіберуімді өтінгендері көп.

Ал Әбіш Кекілбаев Күләш – Ғылым әлемінде өз «жұлдызы» бар ғалымдардың іргелісі деген.

Совет үкіметіндегі оқу министрі *Хрипкова* Оразбековаға балаларды 6 жасынан оқытуға бола ма деген реформаның комиссиясын басқартып Грузия, Таджикстан, Армения, Азербайджан, Узбекистан, Қазақстанда арнайы тексерулер жүргізген комиссияның шешімімен 6-жастан оқыту енгізілген.

Кеңес уақытының өзінде Күләш радио, теледидардан жұма сайын, оқыту-тәлім-тәрбиеге байланысты хабардар жүргізіп, салт-дәстүрді насихаттаған. «Ақшам», Вечерняя Алматы, Жас Алаш, Дәуір, Азия, Қазақстан әйелдері, Балдырған т.б. көптеген газет журналдарда үнемі орысша, қазақша мақалалары шығып тұрған. Және Күләштың өзінен сұхбат алып, сабағына қатысып, еңбектерін оқып қаншама журналистер мақалалар жазған.

Многоуважаемая дочь Великой степи Куляш апа мы полностью поддерживаем Ваш проект «Духовные святыни Казахстана». Это говорит о нашей собственной дороге в религии. Великий аль-Фараби одним из первых предложил рассматривать веру и науку как две формы познания мира. Необходимо возродить духовное и научное наследие казахских и тюрко-мусульманских мыслителей, Доктор психологических наук, профессор *М.С. Аблаев*.

Айта берсе пікір жазған ғалымдар өте көп. Талай елдің ғалымдары хат жазып, қал сұрасып тұратындары да бар, тіпті сонау Вьетнамнанда. Қадірменді ұстаз, өзі де көргенді ана мен әженің қастерлі атын арқалап жүрген Күләш Оразбекованың әр отбасының тәрбиелік құралы іспетті өміршең қағидалары мен ғибратты ғақлияларды алтын арқауы ететін, дәрістері мен әдістері де қамтылған кітап жазып-шығарып отырған нысаналы мұраты бар еңбегі дәріптей алғыстауға әбден лайық. Кітап баламыздың тәй-тәй басқан тәтті кезеңінен бастап, мектеп табалдырығына таяп келе жатқан жасындағы дайындық дағдыларын өзек етсе, осы жастағы ақыл-ой өресіне сай келетін түрлі-түсті суреттермен қызықты көркемделген депті жазушы *Мұзафар Әлімбаев*

Күләш Оразбекова өзінің жүргізген хабарларында, ғасырлар бойы қазақ қандай ел болды, шаруашылығы, мәдениеті қалай дамып келді, жастарының ерте ержетуіне қандай амал-тәсілдер қолданып еді, әдемілік, көркемдік деген ұғымдары қаншалық болды т.б. осы сияқты қазақтың өзіне-өзін айқын таныта алатын мәселелерді батыл көрсетеді. Қазақ радиосының редакторы *Әнуарбек Байжанбаев*.

Кеңес дәуірінде оқу министрі болған нағыз қазақтың зиялы азаматы *Айманов* Оразбекованы қазақтың Крупскаясы депті. Ал «Ұлттық психологиясы» 3 томы «Иман инабаты», «Ұлттық психология». «Халық тәлім тәрбиесі болашақтың бастауы хақында» президентіміздің кітапханасында, ол еңбектері үшін Елбасының Алғыс хаты мен «Ерен еңбегі үшін» медалін алған. Елбасының Қазақстанның мерей тойларына байланысты берген марапаттары да баршылық. Шет елдердің медальдары мен ордендарына да кеудесі толы.

Ахмет Байтұрсыновтың досы Айтжан Мұхамеджанұлы Бутин Ахаңның қызы Шолпан Күләштың Ахаңа арналған ашық сабағына қатысып өте риза болып, «Күләштай қыздарымыз қазақта көбейсе қазақтың болашағы кереметтей болары хақ» депті өзінің мақаласында.

Да действительно К.А. Оразбекова добрый отзывчивый, с открытой душой человек, знающий до тонкостей свое дело организатор и все это способствовало тому, на мой взгляд, что – она в течение многих лет неустанно трудилась во имя людей и снискала любовь и уважение коллег, друзей и простых людей, а это – залог здоровья, долголетия, то есть – есть с кого брать пример. *Зам. ОблОНО Тамара Барон. Талдықорған.*

Қазақтың Ы.Алтынсарин атындағы білім проблемалары институтының директоры *Ақселеу Сейдімбек*. «Бұл кітап ұрпақ игілігіне жарап, осы уақытқа дейін жіберген олқылықтардың орнын толтыру үшін ізгі ниетпен дайындалған

кұнды еңбек» - дей келіп Оразбекова Күләштың «Ұлттық психологиясының құнды жағын атап көрсеткен.

Ғалым ғылыми тұжырымды ойларын дәлелдеу үшін Әл Фараби, Ахмет Яссауи, Махмұт Қашғари, Абай еңбектерінен мысалдар келтіріп, өзекті мәселені өз пікірімен қорыта білген.

Жоғарыда келтірген жұмыстар жолдас, жазушы, студенттердің пікірлері, хаттары мен жазған рефераттары, мінездемелері показывают на какие бы вершины успеха не вознесся Куляш, при каждом удобном случае старалась подчеркнуть свое почтение, показать, что память о добре хранится как бесценная драгоценность. Нет ни зря еще в древности убеждали: «Учитель воспитай ученика!» *Опарин В. директор общества «Знание», г. Талды-курган*

63 жыл бір салада еңбек еткен К. Оразбековаға жылы сөздер бітер емес. Сондықтан мен де өз пікірлеріммен қорытайын деп «Ұлттық психологияға» көз жүгіртіп шықтым. Бірінші кітап «Ұлттану», екінші кітап «Жантану», үшінші кітап «Адамтану» делінген.

Егер Аристотель үш жанды айтып психология атасы атанса, Үш жан туралы Аристотельден бір төбе жоғары Абайда айтқан. Сондықтан Аристотельдің ұстазы Платон болса, қазақтың психологиясының атасы Абай, оның ұстазы әл-Фараби деп дәлелдер келтіреді. Қазақтың психологиясын үш кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші кезең Абайға дейін, екінші кезең Абай дәуірі, үшінші кезең Абайдан кейінгі кезең деп.

К.Оразбекова оқу-тәрбие жұмыстарын, балалардың өсіп, даму жолдарын, психологиялық даралық ерекшеліктерін қарастырып, балалармен ұлттық тәлім-тәрбие жұмыстарын жүргізу әдіс-тәсілдерін ұсынады.

Автор оқырманды өткен өмірді терең біліп болашаққа бағдар жасай алуға үйретеді. Ол үшін қоғам өміріндегі түрлі оқиғалар мен әрекеттерді, әлеуметтік қозғалыстарды бейнелеп, жанды сөз арқылы әр түрлі жағымды, жағымсыз бейнелерді, кейіпкерлер арқылы суреттеп береді.

Бұл оқу құралы қазақ халқының басынан өткерген тарихи оқиғалар, түрлі тарихи заңдылықтар арқылы жастарды жан-жақты дамыған, білімді, мейірімді, инабатты, елін, жерін, Отанын сүйетін табанды, қажырлы, намысты, берік идеялы адам етіп қалыптастыруды ұсынады.

Адам қоғам дамуындағы шешуші фактор. Ол өзінің тыныс-тіршілігі, өмірге араласуы арқылы, қоғамды елеулі, тіпті шешуші өзгерістерге ұшыратады, адам қоғам өмірінде жасампаздық қызмет атқарады. Елінің тәуелсіздігін қорғау, тұтастығын сақтау, қорғаныс қабілетін күшейту жолында күш-қуатын, білім-білігін сарқа пайдаланған, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген сол бір заманның мемлекет мәмлегерлері Төле бидің, айыр тілді Әйтеке бидің таспадай өріліп, кестедей төгілген тұрлаулы, тұжырымды билік кесімдері, терең тебіреністі айшықты да асыл ойларын бүгінгі және болашақ ұрпақтарға айтып насихаттау өте қажет дейді. Бар мақсатын айбынды Алаш мемлекетін құру жолына арнаған Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Тұрар Рысқұлов, Мұстафа Шоқай; елімізде құқықтық мемлекет пен әділ сот құру үшін күш-жігерін, ақыл-парасатын сарп еткен заңгерлер: Жансұлтан Сейдалин, Бақытжан Қаратаев, Абдолла Теміров,

Дінмұхамед Сұлтанғазин, Сералы Лапин, Ахмет Бірімжанов, Жақып Ақбаев, Жанша Сейдалин, Райымжан Мәрсеков, т.б. сынды қазақтың ұлтжанды азаматтарының есімін бүгінгі ұрпақ естен шығармауы тиіс дейді.

Олай болса рух, жан тәрбиесі «Ұлттық психологияны» енгізу қажет-ақ. Түсіне білсек, Әбілмансұрды Абылай еткен Төле тәрбиесі, хандарды тәубасына келтірген жырау-ақындар тәрбиесі. Әжесі Зере мен анасы Ұлжанның тәрбиесі Абайға өмір иірімдерінің тереңдігін түсіндіре отырып, бүгінгі ұлы бейне, данышпан, ғұламалыққа жеткізді. Ол тәрбие – қазақ намысының күші. Қоғамның түп негізі – адам, ол асқан ақиқат, ақыл иесі.

Қазақ халық рухы мықты болса көші еселенеді, ол өз ортасынан батыр өсіреді. Ал рухсыз халық қара тобырға айналады. Рух Отанмен тағдырлас. Ұлың рухты болса сүйікті, қызың қылықты болса бақытты. Рухты жан – Азамат – Адам, рухсызы – тұғырсыз надан, не есалаң», - деп те ескерткен. Адам жастық шағында дүниені танып, оның қызығына аппақ сүттей, судай таза, пәктікпен қанатын, өмірдің мағынасын, тыныс-тіршілігін жете ұғынатын, қоғам көсегесін көтеріп, мерей-мәртебесін биіктететін азамат қатарына қосылуға талпынады. Ол осы шақта бойына сіңірген тәрбиесімен өзінің болашақтағы болмысын қалыптастырады дейді автор.

Адамның түбіне жететін де-ой, ниет, шырқауға шығаратын да-ой, ниет. Оның қиратып, бүлдіретін күші қандай болса, біріктіріп, уйытарлық ықпалы да дәл сондай. Тіршілікте ой пиғылдай арқандай есіліп, сағыздай созылатын не ойлағысы келсе соның жетегінде кететіннен жаман нәрсе жоқ. Адам өз жанын жегідей жейтін де сол, ой дегенінді өн бойдан сылып тастай алмай арпалысады. Ойды арқалу оңай емес, ол үшін ең алдымен сананы бәрінен босату керек.

Мағжан Жұмабаев адамдар арасындағы қарым-қатынастан ізгілікпен қатар жауыздықтың да өрбитінін айтады.

Осындай пікірлерді Мустафа Шоқай, Шәкәрім, Мағжан, Мекемтастарда айтып адамдар арасында жағымсыз келеңсіздік бүгін де, кездесетінін жазған. Ол рас! Оған дәлел президенттің 75 жылдық мерей тойына Күләш үш том «Ұлттық психология» мен Астана т.б. туралы мақалаларын қуттықтап жіберген екен. Бірақ вице-министр образования Асылова Бибигуль с администрации президента (по знакомству) забрала ее книги газеты о президенте и об Астане, и о суверинетете. Написала ложную бумагу, что ее несколько раз награждали, чего при ней не было. Это говорит о том, что корни коррупции дошли и до администрации президента, коль они посылку президенту отдали ей. До сих пор не вернула эту посылку хозяйке, обвиняя и сообщая ректору как о негативе, вместо того чтоб поздравить ее с 80 летием и 63 года работы бессмено в одной структуре.

Спасибо огромное новому руководителю администрации президента М.Касымбекову закрывшему дорогу коррупционным действиям и землячеству, вручившему вторую посылку к 80 летию президента ему и приславшего Оразбековой благодарственное письмо от президента, что ее книги переданы в библиотеку президента. Высокие посты должны занимать такие грамотные честные люди.

Тағы да даналар: «Жақсының жанында жүрсен шапағаты тиеді, жаманның жанында жүрсен кесапаты тиеді» - деген. Осы орайда есіме Балтабай мырза түсті.

Басқаны айтпай-ақ Күләшқа филфак деканы Балтабай Абдығазин екі студентке үлкен сандықты беріп ішінде шапан, домбыра, қобыз, астында не бар көрінбейді, сізге студенттерден сыйлық деп екі қыз аудиторияға, сабақ үстінде, алып келіпті. Бұл не? Еш мейрам жоқ? Себебі не? Сонда олар шынын айтқан, декан міндетті түрде беріндер деп жіберіпті. Енді бір күні барлық мұғалімдерге сыйладық, мынау сізге деп күміс сақина әкепті. Тағы бірде декан ақша беріп балаңызға велосипед әперіңізші бізден деп қинағандары да болыпты.

Ойы іске аспаған Балтабай мырза, сіз емтихан алмайсыз студенттер қарсы мен басқа мұғалімді қойдым депті. Бірақ студенттердің бәрі Күләшқа келіп аудитория бермеген соң, бәрі 28 панфиловшылар паркіне барып көк шөптің үстінде ағаштың астында емтиханды Күләшқа тапсырыпты. Ол кездегі студенттер адал, шындықты айтатын, батыл еді, ауылдан келсе де. Апайды көргенде осы сәтті естеріне алып апайын мақтайды екен, ал ұстазы оларға шын жүрегінен алғысын айтып сендердің арқаларыңда деп, көңілдерін көтеріп қояды екен. Өзінікі сол сәтте төмендесе де. Аллаға рахмет және сендерді адал етіп тәрбиелеген ата-аналарыңа рахмет деп қоштасады екен.

Енді бір таңқалдырған оқиға Мекемтаспен Күляш өміріндегі қабырға қайыстырарлық ұқсастық Мекемтас докторлығын қорғауда көптеген қиыншылықтар мен кедергілерді көріпті.

Докторлықты қорғауда қорлықпен, кедергілерді аз көрмеген Күләш Мекемтастың «Қасыретті ұмыту керек» дегенін оқыған соң ағамыздың сол сөзі менің қанжылаған жүрегімді емдеп, қайысқан қабырғамды жазды. Бұл сөзі менен басқаларға да ем болды деп ойлаймын депті.

Екінші ұқсас жағдай Мекемтастың анасы жөргектегі қызы Қарлығашты қасқырларға тастап ұлын қорғап қалған.

Күләштің де анасы күзге қарай сиырды бузауымен ауылға жаяу апара жатып қасқырларға тап болады. Суттіген суынан өту үшін сиырды артынан айдап келе жатқан баласы МЭЛСті, бузаудың құйрығына, бузауды сиырдың құйрығына байлап өзі сиырды жетелеп өтеді.

Біраздан соң қасқырлар соңына түседі. Анам бузауды қалдырып сиырмен ұлын жетелеп бар дауысымен айтқан зарлы өлеңін қой бағып жүрген аталар естіп құтқарып алады.

Міне қандай естен кетпес, ұмытылмас қайғылы оқиғалар. Бұл да тарих сол кезеңдегі аналар мен балалар өмірі, қазақ отбасының тағдыры.

Ғалым жеке тұлғаның ұлттық бейнесін қалыптастырудағы имандылық тәрбиесінің мәні зор екенін атап көрсетіп, ғылыми ойларын нақты мысалдармен дәлелдейді. Сөйтіп, имандылық тәрбиесі-пәрменді тәрбие құралы екенін айқындап көрсетеді. Имандылық тәрбиесі өз елін сүймейтін, өз тілін білмейтін мәңгірт елсіз (отансыз), ары-намысы төмен (немесе жойылған) жастардың болмауы үшін қажет екенін ғалым баса айтып, байыпты пікір қорытады, халқымыздың өткен дәуірлердегі шешендері мен ақын-

жырауларының ұлағатты пікірлеріне талдау жасайды. Адам деген – ардақты ат. «Ел болам десең бесігіңді түзе» деп ғұлама жазушымыз М.Әуезов айтып кеткендей, адам болу үшін, ең алдымен, адамтануды әр жас ұрпақ өзінен бастау керек, сонда ғана игі нәтижеге жететіні айтылады.

Бір қызығы Күләш *Мекемтас Мырзахметов* ағасының жазғанын оқыған-ау деймін. Өйткені Мекемтас мырзаның Әділет, қанағат, ақыл, толық жетілген адамда дейді ал Күләш Абайдың екі үлгісін береді. Бірі «Адам» екіншісі «Толық жетілген адам».

Мекемтас мырза Әділет жүректен шығады дейді. Ал Күләш жүрек тәрбиесін ұсынып Абайдың 30 түрлі жүрек үлгісін, Дулаттың 41 түрлі жүрек үлгісін береді. Мекемтас мырза парасатты адам, кемел, толық жетілген, алғатартушы адам дейді. Оразбекова үшінші кітабында адамтануда Абайдың Сара жолдарын көрсетеді. Абай – психолог деп бірінші боп қорытынды жасап, адамдардың түр-түріне парасатты адам т.б. психологиялық анықтама береді.

Ең ғажабы, Абайдың қырық құбылып жүретін адамдардың мінезін, іс-әрекетін көрсетуі-асқан шеберлік және ол ешбір зерттеулерде кездеспейтін нәрсе. Бұл өрекеніетті елдердің ойшылдарын да бүгін таң қалдыруда.

Бүгін әр ұлымыз бен қызымыз Абай аңсағандай азамат атанса, халқымыз адамзат көшінде әркез ардақты орында болары хақ.

«Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр», деген болатын дана Мұқтар Әуезов. Өйткені Абай шығармаларында халқымызды рухтандыру, оның сана-сезімін оятып, күш-жігер беру, шынайы ұлттық тұлға қалыптастыру мақсаты көзделеді.

Әр қайсысы 500 беттен тұратын үш томды қарап Қазақстан журналистер одағының хатшысы Оразбекованы «Осы батырлығыңыз үшін журналистер одағына мүше етіп аламын» дегені дұрыс екен деп ойладым. Күләштың сүйікті устазы Шеляховская И что удивительно она единственный психолог смело дала характеристику президенту на его повторных выборах в президенты. За это в числе известных деятелей Казахстана и ей было объявлено благодарность, через газету «Егеменді Қазақстан».

Міне маған көп күш жұмсаудың қажеті болмады. Мұраттың жинаған мағлұматтары шындық дәлел болды. Төрт рет докторлықты қорғатпай, төрт рет жазу әркімнің қолынан келе бермейді. Байқұс қыз диссертацияны жазған. Біресе тақырыбын өзгертіп, біресе жетекшілерін өзгертіп, ақыры ақша талап еткен. Соңында талапқа сай емес деп. Опоненттері жоғары баға берседе, жемқор мен сыбайлас топ пікірлерін өзгертіп жазғызады.

Ауруға шалдығып, жүйке ауруына шалдыққандар, тіпті мұндай қорлыққа шыдай алмай өліп кеткендерді де көз көрді.

Осы орайда, Исауи баба өшпес мұрасы, оның ілімі жемқорлар мен күресті тайынбай, жасқанбай іске асыруда ең үлкен көмекші құрал, оның хикметтері жастар рухын жандандырып, ұлттық сана-сезімін, намысын дамытатын рухани тірегі, жамандыққа жібермес құдіретті тежегіш.

Өйткені жас ұрпақ имансыздығы үлкен қасіретке ұрындырады, бұдан жеке адам ғана емес, бүкіл қоғам азғындауы мүмкін деп тұжырымдайды ол

данамыз. Ендеше ғылымның дамуына Иасауи үлгісіндей жаңа бетбұрыс жасайық.

Айт дегенді айтсаң арың төгіледі, айтпа дегенді айтсаң басың кетеді, деген заман еді деген *Әбіш Кекілбаев* еске түседі.

Осының бәріне ректордың көзін жеткізіп, шара қолданып әділеттілікті орнатпасаңыз осыларды түгел газетке басам дегенің өзінде ары тартып бері тартып, ақыры жан керек. Әйтеуір қорғауға қойды.

Күләш қорғау Советінде жоғары деңгейде қорғалған бірінші жұмыс деп баға алды. Бірақ қуанып, мақтаныш күйі білінбеді. Келіп аға сізді шаршаттым-ау деп қайта-қайта кешірім сұрап, көзіне жас алып, рахметін айтты.

Менде жеңілдеп, иығымнан бір үлкен жүк түскендей Әбіштің өтінішін тез орындадым-ау деп күлдірдім.

Мені қайраған «күшің бар деп», сол ағаң, рахметінді соған айт.

Енді осы жолыңнан таймай, біраз дем алып, ұлдарыңды қуант деп шығарып салдым.

Сөзімнің аяғын Шөмішбай Сариевтің керемет «Үш Күләш» әнімен аяқтағым келді.

ҮШ КҮЛӘШІ ҚАЗАҚТЫҢ...

Өлеңін жазған
Шөмішбай Сариев

Музыкасын жазған
Дүйсенхан Сыздықов

Бұл ән-өлеңдерді алғаш рет орындаған әнші-актер *Асхад Үрпеков*
Өлең Күләш Байсейтова, Күләш Ахметова, Күләш Оразбековаға арналған

Пейіш бақтың гүл-гүлі,
Бұл өмірге бір күні,
КҮЛӘШ келді,
Әнші КҮЛӘШ,
Қазағымның бұлбұлы.
Тербетіп гүл, қайыңды,
Күн мен жұлдыз, айыңды,
Күләш сұлу есімдер,
Кең далаға жайылды.
Қайырмасы:

Әнші КҮЛӘШ,
Ақын КҮЛӘШ,
Ғалым КҮЛӘШ,
Үш КҮЛӘШ,
Жанарлардан бір үзіліп,
Бір үзіліп түсті жас,
Өнер-білім бұлағынан,
Бұлағынан нәр алған,
Жер бетіне келген жанның,

Келген жанның бәрі арман,
Жаны сұлу, бәрі сұлу,
Бәрі сұлу жалғасқан,
Қазағымның бағы үшін,
Бағы үшін жаралған.

Өнерге арнап мұратын,
Өлең болып тынатын,
Келді өмірге
КҮЛӘШ аттас,
Келді өмірге бір Ақын.
Кәусар бұлақ тау суы,
Мөлдірген таң шығы,
Ақын КҮЛӘШ,
Жыр жазды,
Жалғастырып әншіні.


Қайырмасы:

Әнші КҮЛӘШ,
Ақын КҮЛӘШ,
Ғалым КҮЛӘШ,
Үш КҮЛӘШ,
Жанарлардан бір үзіліп,
Бір үзіліп түсті жас,
Өнер-білім бұлағынан,
Бұлағынан нәр алған,
Жер бетіне келген жанның,
Келген жанның бәрі арман,
Жаны сұлу, бәрі сұлу,
Бәрі сұлу жалғасқан,
Қазағымның бағы үшін,
Бағы үшін жаралған.
Теңіз тербеп нұр жанын,
Бұлбұл билеп гүл бағын,

Келді өмірге КҮЛӘШ аттас,
Келді өмірге бір ғалым.

Кім боларын кім білді,
Өз ғұмырын гүл білді,

Ғалым КҮЛӘШ бұлт асып,
Жалғастырды бұлбұлды.



Үш Күләші қазақтың

Вальс екпінімен, әндеге

Өлені: Шөмішбай Сариевтікі

Әні: Дүйсенхан Сыздықовтікі

Пе-йіш бак-тын гүл-гү-лі, Бұл ө-мір-ге бір кү-ні,
Кү-ләш кел-ді, Өн-ші Кү-ләш, Қа-за-ғым-ның бұл-бұ-ды.
Тер-бе-тіп гүл, қа-йың-ды, Күн мен жүл-дыз,
а-йың-ды, Кү-ләш сұ-лу е-сім-дер,
Кең да-ла-ға жа-йыл-ды, Өн-ші Кү-ләш, А-қын Кү-ләш,
Ға-лым Кү-ләш, Үш Кү-ләш, Жа-нар-лар-дан
бір ү-зі-ліп бір ү-зі-ліп түс-ті жас, Ө-нер-бі-лім
бұ-ла-ғы-нан бұ-ла-ғы-нан нәр ал-ған,
Жер бе-ті-не кел-ген жан-ның кел-ген жан-ның
бә-рі-ар-ман, Жа-ны сұ-лу, бә-рі сұ-лу,
бә-рі сұ-лу, жал-ғас-қан, Қа-за-ғым-ның
ба-ғы ү-шін ба-ғы ү-шін жа-рал-ған.

Жазушы ШЕРХАН МҰРТАЗА.